



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

осы саланы реттейді, мәселе білім саласындағы болып жатқан барлық жаһандық интеграциялану мен нана-жаңалықтар мемлекетке пайда алып келу керек деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білімді жастардың болашағы – жоғарыға өрлететін жол»; Орталық Қазақстан; 6 қаңтар, 1998 жыл, 2 бет. psihologiya/6263-bilim-beru-denggeyin-koteru-yshin-qabyldanghan-memlekettik-baghdarlamalar-men-sharalar-.html
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. (2017 жылғы 31 қаңтар) «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
3. ҚР Конституциясына (1995 жыл) өзгертулер мен толықтырулар 2017 жыл. <https://szh.kz/20902/konstitutsiyagha-engizilgen-oezgerister-qabyldandy/>
4. Дәулетбақов Б. «Жоғары білім беру жүйесіндегі Болон үдерісінің қалыптасуы», «Экономика» республикалық газеті, 26.02.2014 жыл. group-global.org/.../34356-kazakstandagy-zhogary-bilim-beru..
5. <http://bilimdine.kz/index.php/item/605-bastauysh-bilim-berudi-zha-a-memlekettik-standarty-> сайты
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жыл. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, 2017 жыл. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319/_links
7. Рейтинг лучших университетов мира по версии Times Higher Education / THE World University Rankings (2016) <http://gtmarket.ru/ratings/the-world-university-rankings/info>

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Жайлауова Ақбота Әлібекқызы

akbota.zhailauva@mail.ru

Л.Н.Гумилеватындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.И. Ибрагимов

Біздің ата заманымызда жазылғандай «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық», яғни мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық істерінде халық мүддесін сақтау керек [1]. Мемлекеттің дамуының бір шарты болып мемлекет азаматтарының барлық саладағы, құқықтық, әлеуметтік, саяси, басқа да заңды құқықтары мен міндеттерінің сақталуы. ҚР БҰҰ-ға кірген сәттен «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» сақтауы тиіс. Бұл декларацияны сақтау тек ұйымның бір шарты ғана емес, егемендік пен тәуелсіздіктің көрсеткіші. «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы». Қазір бұл құжат өркениетті адамзат түгел мойындаған, адам атаулының бәріне бірдей, дүние жүзінің прогресшіл күштері түгел таныған, адам құқықтары туралы негізгі құжат болып табылады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (ағылш. Universal Declaration of Human Rights, UDHR) — адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын жария еткен бірден-бір халықаралық-құқықтық құжаты. 1948 ж. 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 217 А (III) жарғысымен қабылданған және жарияланған. Құжатта белгіленіп, бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей мойындалуын, сақталуын және тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бұл құжаттың негізгі міндеті [2].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жазылу тарихын қарастырсақ, ол ағартушылық кезеңдегі, табиғи құқық идеясының пайда болу кезеңнен басталады. Осы идеяларға сәйкес, Великобританиядағы құқық туралы Билль, США құқықтары туралы Билль, адам және азаматтар құқықтар жөніндегі Фрэнкфурт декларация жазылды [3].

Екінші дүниежүзілік соғыс адам құқықтар жөніндегі келісім- шарттың болу қажеттігін көретті. 1941 жылы Франклин Рузвельт өзінің «О положении страны» атты жолдауында төрт қажетті бостандықтарды қолдауға шақырды. Олар: сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы, қорқыныш және мұқтаждықтан бостандық. Нацистік Германия жасаған зұлымдықтар барлық адамдарға белгілі болғанда, БҰҰ-ның жарғысы адам құқықтарын толық қамтамайтыны белгілі болды.

Біріккен Ұлттар ұйымындағы адам құқықтары туралы отырыстар Лейк-Саксес қаласында 1947 жылы 27 қаңтардан бастап 10 ақпан аралығында өтті. Комиссия басқарушысы ретінде Элеонора Рузвельт таңдалды. Отырыста Австралия, Бельгия, Ұлыбритания, Қытай, Куба, Египет, Индия, Иран, Ливия, Панама, СССР, США, Уругвай, Филиппины, Франция, Чили, Югославия мемлекеттер басқарушылары қатысты. Декларация басында құқықтар жөніндегі халықаралық Билль деп аталуы тиіс еді.

Комиссия 18 адамнан тұрғандықтан, құқықтарға байланысты көз-қарастар әр түрлі болды, бір тұжырымға келу қиын болды. Сондықтан, Декларацияның алғашқы мәтінін комиссияның үш қатысушысы жасайтан ойға келді: Элеонора Рузвельт, Қытай өкілі Чжан Пэнчунь, Ливиялық дипломат және философ Чарльз Малик (англ. Charles Malik). Осы шағын комиссия мәтін дайындауды тәжірибелі юристке Хамфриге жүктеді. Хамфи колжазбасының алғашқы мәтіні 48 бап тұрды. Осы кезде комиссияны үлкенітіп Европа және Кеңес одағын қосуды шешімін қабылдады. 9 маусым 1947 жылынан жаңа құрамдағы комиссия жұмысын бастады. Комиссия алдында Әлемдік саясат көрмеген мәселелер тұрды.

Чарльз Малик сөздері бойынша «барлығы әбден шатасып қалды: берілген мәселені шешу жолын біз мүлдем білмедік». Чарльзді алаңдатқан нәрсе Декларациядағы адам құқықтары тым қарапайым құқықтарға ауысып кетуі, яғни адамдарға тамақтың жеткіліктігі, тұратын жерінің болуы, жұмыс істеу мүкіндігі сияқты құқықтар мен қамтылуы [4].

Жоғарыда айтылғандай адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының баптарыны сақталу деңгейіне қарай, мемлекеттің егемендігі мен даму деңгейі қандай сатыда екені көрсетеді. Декларацияның баптаы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да нормативтік құқықтық актілерде жазылып көрсетілген. Көптеген мемлекеттердің Конституциялары осы Декларациядан негізін алады, біздің де Конституция белгілі біршеkte Декларациядан басталған. Мысалы Конституцияның 3, 5, 6, 12, 13, 14, 15 және басқа да көптеген заңдарда декларацияның баптарын нақты көреміз. Мысалы Декларацияның 7 бабы бойынша «заңалдын да жұрттың бәрі тең және бірдей теңқ орғалуға құқылы». Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы.» және Конституцияның 14 бабына нақты сәйкес келеді «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп көрсетілген [5].

Конституциямен, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және өзге де нормативтік құқықтық актілердің ең негізгі мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын мүмкіндігінше қорғау. Қазақстанда адам құқықтарының қорғалу деңгейін даму жолында деп айтуға болады, өйткені адам құқықтарының қорғалуы көп жағдайда теория негізінде жүзеге асырылып, яғни нормативтік актілердің қабылдануымен шектеліп, практика жүзінде жүзеге аспайды. Мысалы, декларацияның 22 бабына сәйкес «Әр адам, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына құқығы бар...» және адам құқықтарының қорғалуының басты көрінісі халықтың әлеуметтік жағдайының көрінеді. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңында «мемлекет алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен инфляция деңгейін ескеріп сақталады» деп бекітілген. Алайда, зейнетақы алушылар зейнатақыны инфляция деңгейін ескермей, тұрақты мөлшерде алып отырады [6].

Басқа жағынан қарасақ, декларацияның және конституцияның көпшілік нормаларының сақталуы қолға алынып жатыр. Мысалы декларацияның 17 бабының 2 тармағына сәйкес «ешкім де өз мүлкінен еріксіз айрылмауға тиіс». Осыған сәйкес конституцияның өзгерістеріне

сәйкес жеке меншік құқығына қол сұғылмайды. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, заңды жолмен алынған мүлікке меншік құқығын шектейтін немесе одан айыратын заңдарды және өзге де құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Яғни жоғары айтылғандай, практикада көп мәселелер шешілмесе де, қазіргі таңда барлық мүмкін мәселелер адам құқықтарның қорғалуын жоғарлату үшін қолға алынып жатыр. Сонымен қатар, декларацияда көрсетілген барлық нормалар Қазақстанда сәйкес заңдармен қамтылған. Ал олардың орындалуы мемлекет, үкімет, мемлекеттік органдармен кепілденіп қамтамасыз етілуі тиіс [7].

Конституциядан басқа да заңдарда аталған азаматтардың құқықтары мен бостандықтары оларға заңды мүмкіндіктер береді. Ол мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін кепілдіктер қажет. Кепілдіктер мемлекет тарапынан жасалып, оның қадағалауында, бақылауында болады. Соның негізінде әр азамат заңда көрсетілген құқықтарын өзінің, халқының игілігіне пайдалана алады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына ең негізгі кепілдік — оның құқықтары мен бостандықтарына шек қоюшылықты болдырмау. Құқық пен бостандыққа шек қою немесе олардан айыру жағдайлары тек қана конституцияда көрсетіледі. Конституция бойынша адамды құқығы мен бостандығынан айыру немесе шектеу төтенше жағдайда және уақытша ғана қолданылады [8].

Азаматтардың құқығы мен бостандығына негізгі кепілдік беретіндер — өздеріне осындай міндеттер жүктелген және оны іс жүзіне асыратын мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар болып табылады. Барлық мемлекеттік органдар азаматтардың құқығы мен бостандығын пайдалануына жағдай жасау үшін құрылған. Олардың негізгі мұратының өзі сол — азаматтардың заңды құқықтарын қорғау үшін қызмет ету.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы ерекшелігі мен маңыздылығы адам құқықтары мен бостандықтарын алғашқы болып халықаралық дәрежеге көтергендігінде жатыр. Декларацияның міндеттілігі, заңдық сипаты жоқ, яғни бекітілген нормалар сөзсіз орындалуға тиісті емес. Дегенмен құжатта белгіленген адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі қағидалардың маңыздылығына байланысты Декларация жалпыға бірдей акт ретінде танылады және оны қабылдауға дауыс берген мемлекеттердің барлығы бірдей орындауға тырысады. Қазақстан Республикасында БҰҰ-ға кірген уақыттан бастап, декларацияның нормалары мен адам құқықтарының қорғалуына көп көңіл бөлінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамыздареспубликалық референдумда қабылданды
2. George J. Andreopoulos and Richard Pierre Claude (eds.), Human Rights Education for the Twenty-First Century (1997).
3. Susan Muaddi Darraj. The Universal Declaration of Human Rights. — (Milestones in modern world history). Chelsea House, Infobase Publishing, 2010. 129 p. ISBN 978-1-60413-494-0 (hardcover), ISBN 978-1-4381-3178-8 (e-book).
4. Теория государства и права. / Курс лекций под ред. Матузова Н.И., Малько А.В. - М.: Юрист, 2001 г.
5. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған
6. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы
7. ҚР Конституциясына өзгерістер енгізетін Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Астана, Ақорда, 2017 жылғы 25 қаңтар № 141 өкімі.
8. Декларация қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының стенограммасы <http://web.archive.org/web/20011202132439/http://www.un.org/Depts/dhl/landmark/pdf/a-pv183r.pdf>